

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
«Ұлттық ғылыми-практикалық
дене тәрбиесі орталығы» РМҚК
бас директоры



А. Ташметов
2026 ж.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ



ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ

Астана қаласы
2026 жыл

Мазмұны

1 Бөлім. Жалпы ережелер

- 1 тарау. Ұлттық мектеп лиганы өткізудің мақсаттары мен міндеттері;
- 2 тарау. Ұлттық мектеп лиганың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне басшылық ету;
- 3 тарау. Ұлттық мектеп лиганы өткізу орны мен мерзімі;

2 Бөлім. Ұлттық мектеп лиганы өткізу

- 4 тарау. Ұлттық мектеп лига бағдарламасы;
- 5 тарау. Ұлттық мектеп лиганың қатысушылары мен шарттары;
- 6 тарау. Ұлттық мектеп лигаға қатысуға өтінім;
- 7 тарау. Тәртіптік жазалар және наразылық беру;
- 8 тарау. Ұлттық мектеп лиганың қатысушыларын марапаттау;

3 Бөлім. Ұлттық мектеп лиганы қаржыландыру

- 9 тарау. Ұлттық мектеп лиганы қаржыландыру.

4 Бөлім. Спорт түрлері бойынша федерациялар

1. «Ұлттық баскетбол федерациясы» РҚБ;
2. «Асық ату федерациясы» РҚБ;
3. «Қазақстан волейбол федерациясы» РҚБ;
4. «Қазақстан футбол федерациясы» РҚБ;
5. «Гандбол федерациясы» ЗТ және ЖК;
6. «Үстел теннисі федерациясы» РҚБ;
7. «Жеңіл атлетика федерациясы» РҚБ;
8. «Тоғызқұмалақ спорт федерациясы» РҚБ;
9. «Шахмат федерациясы» РҚБ.

5 Бөлім. Үлгілері

1. Ұлттық мектеп лиганың командалық өтінімінің үлгісі;
2. Ұлттық мектеп лигаға қатысушының жеке парақшасының үлгісі;
3. Облыстық, қалалық кезеңдерінің өткізілу кестесінің үлгісі;
4. Топтық ойындар (*волейбол, баскетбол, футбол, гандбол және футзал спорт түрлері бойынша*) кестесінің үлгісі.

1 Бөлім. Жалпы ережелер

1. Ұлттық мектеп лигасы (бұдан әрі - Лига) «Студенттер мен оқушылар арасында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қағидалары негізінде студенттік және мектеп лигаларын қалыптастыру туралы» Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 549 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

2. Осы Ереже Лиганың мақсаттарын, міндеттерін, өткізу тәртібін және қаржыландырылуын айқындайды.

1 тарау. Лиганы өткізудің мақсаттары мен міндеттері

3. Лиганың мақсаты - оқушыларды дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту.

4. Лиганың міндеттері:

- білім алушылар арасында бұқаралық спорт түрлерін танымал ету және спортта дарынды балаларды анықтау;

- мектеп оқушылары арасында спорт түрлері (*баскетбол, футбол, волейбол, тоғызқұмалақ, футзал, шахмат, асық ату – бес асық, жеңіл атлетика, гандбол, үстел теннисі*) бойынша тұрақты спорттық жарыстар ұйымдастыру және өткізу;

- салауатты өмір салтын қалыптастыру.

2 тарау. Лиганың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне басшылық ету

5. Лиганы ұйымдастыруға және тікелей өткізуге жалпы басшылықты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК (*бұдан әрі - ҰҒПҚТО*) және келесі федерациялардың құрамындағы ұйымдастыру комитеті (*бұдан әрі – Лиганы Ұйымдастыру комитеті*) жүзеге асырады:

- «Ұлттық баскетбол федерациясы» РҚБ;
- «Асық ату федерациясы» РҚБ;
- «Қазақстан футбол федерациясы» РҚБ;
- «Қазақстан Волейбол федерациясы» РҚБ;
- «Гандбол федерациясы» ЗТ және ЖК;
- «Үстел теннисі федерациясы» РҚБ;
- «Жеңіл атлетика федерациясы» РҚБ;
- «Тоғызқұмалақ спорт федерациясы» РҚБ;
- «Шахмат федерациясы» РҚБ.

6. Лиганың мектепшілік және аудандық/қалалық іріктеу кезеңдерін өткізуге жауапкершілік аудандық және қалалық білім бөлімдеріне, спорт бөлімдеріне және білім беру ұйымдарының басшыларына жүктеледі.

7. Лиганың облыстық кезеңін спорттық базамен (*спорт зал, стадион, спорт алаңы және т.б.*) қамтамасыз етуді облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім және спорт басқармалары жүзеге асырады.

8. Лиганың республикалық кезеңін ҰҒПҚТО жүзеге асырады.

9. Лиганың кезеңдерін өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Лиганы ұйымдастыру комитеті:

- жарыстарға қатысуға өтінімдер қабылдайды;
- жарыстарды өткізу кестесін анықтайды;

- кестеде көрсетілген мерзімнен бір ай бұрын жарыстарды өткізу кестесіне өзгерістер енгізеді;
- командалар мен қатысушыларды жарыстарға жіберу жөнінде комиссия құрады;
- лиганың бас төрешілер алқасының, спорт түрлері бойынша төрешілер алқасының құрамын бекітеді;
- жарысқа қатысушылардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз етеді;
- лига жарыстарының кезеңдерін өткізу туралы есеп жасайды.

10. Мандаттық комиссияның өткізілуіне және республикалық кезеңнің спорт түрлері бойынша жарыстарды ұйымдастыруға ҰҒПДТО мен жарысты қабылдап өткізетін өңірлік дене шынықтыру орталықтары жауапты болып табылады.

3 тарау. Лиганы өткізу орны мен мерзімі

11. Лига төрт кезеңде өткізіледі:

1 кезең: **мектепшілік іріктеу** - сыныптар арасындағы жарыстар.

Мақсаты:

- мектеп құрама командасын қалыптастыру, мектеп деңгейінде жеңімпаздарды анықтау (*мектеп біріншілігі*).

Мектепшілік іріктеу кезеңі қыркүйек-қараша айларында өткізіледі (*мектепшілік жарыстардың ойын кестесі және олардың жеңімпаздары мектептің спорт бұрыштарында, стендтерде орналастырылады*).

Іріктеу кезеңін-сынып-командалар арасында спорттық жарыстарды ұйымдастыру мен өткізуді білім беру ұйымының басшысы үйлестіреді.

2 кезең: **аудандық/қалалық** - қалалық, аудандық мектептер арасындағы жарыстар.

Аудандық/қалалық іріктеу кезеңі қараша - ақпан айларында өткізіледі
Мақсаты:

- аудан, қала деңгейінде жеңімпаздарды анықтау.

Жарысқа қатысуға өтінім берген командалар айналым жүйесі бойынша ойнайды. 1 орын алған командалар жарыстың 3 кезеңіне жіберіледі.

3 кезең: **облыстық** - жарыс екінші кезеңнің жеңімпаздары арасында өткізіледі.

Мақсаты:

- облыстық деңгейдегі жеңімпаздарды анықтау (*облыс біріншілігі*).

Облыстық іріктеу кезеңі ақпан-сәуір аралығында өткізіледі.

Облыстық кезеңде аудандық және қалалық командалар арасында спорттық жарыстарды ұйымдастыру мен өткізуді Білім басқармасы үйлестіреді.

4-кезең **республикалық-финалдық**-үшінші кезең хаттамасын ұсыну бойынша үшінші кезең жеңімпаздары арасында өткізіледі.

Республикалық кезең сәуір - шілде аралығында өткізіледі.

2 Бөлім. Лиганы өткізу

4 тарау. Лига бағдарламасы

12. Лига спорттың 10 түрі бойынша өткізіледі:

№	Жарыстың атауы	Сыныбы	Қатысушылар	Қатысушылар саны	Жаттық тырушы	Өкілдер	Төреші
1.	Баскетбол «Алтын доп»	5-6 сынып	Ұлдар, Қыздар	12+12	2	1	1
		7-8 сынып	Ұлдар, Қыздар	12+12	2	1	1
		9-11 сынып	Ұлдар, Қыздар	12+12	2	1	1
2.	Волейбол «Шұбар доп»	5-6 сынып	Ұлдар, Қыздар	12+12	2	1	1
		7-8 сынып	Ұлдар, Қыздар	12+12	2	1	1
		9-11 сынып	Ұлдар, Қыздар	12+12	2	1	1
3.	Гандбол «Ұшқыр доп»	5-6 сынып	Ұлдар, Қыздар	12+12	2	1	1
		7-8 сынып	Ұлдар, Қыздар	12+12	2	1	1
		9-11 сынып	Ұлдар, Қыздар	12+12	2	1	1
4.	Футбол «Былғары доп»	5-6 сынып	Ұлдар, Қыздар	15+15	2	1	1
		7-8 сынып	Ұлдар, Қыздар	15+15	2	1	1
		9-11 сынып	Ұлдар, Қыздар	18+18	2	1	1
5.	Тоғызқұмалақ	5-6 сынып	Ұлдар, Қыздар	2+2	1	1	1
		7-8 сынып	Ұлдар, Қыздар	2+2	1	1	1
		9-11 сынып	Ұлдар, Қыздар	2+2	1	1	1
6.	Үстел теннисі	5-6 сынып	Ұлдар, Қыздар	2+1	1	1	1
		7-8 сынып	Ұлдар, Қыздар	2+1	1	1	1
		9-11 сынып	Ұлдар, Қыздар	2+1	1	1	1
7.	Асық ату, Бес асық	5-6 сынып	Ұлдар, Қыздар	3+3	2	1	1
		7-8 сынып	Ұлдар, Қыздар	3+3	2	1	1
		9-11 сынып	Ұлдар, Қыздар	3+3	2	1	1
8.	Шахмат «Ақбозат»	5-6 сынып	Ұлдар, Қыздар	3+1	1	1	1
		7-8 сынып	Ұлдар, Қыздар	3+1	1	1	1
		9-11 сынып	Ұлдар, Қыздар	3+1	1	1	1
9.	Футзал «Теңбіл доп»	9-11 сынып	Ұлдар, Қыздар	12+12	2	1	1
10.	Жеңіл атлетика	5-6 сынып	Ұлдар, Қыздар	5+5	2	1	1
		7-8 сынып	Ұлдар, Қыздар	5+5	2	1	1
		9-11 сынып	Ұлдар, Қыздар	5+5	2	1	1

Лига бағдарламасында көрсетілген спорт түрлері бойынша жарыстар спорт түрлері бойынша федерациялардың қолданыстағы қағидаларына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес өткізіледі.

Ескертпе * - әрбір қатысушы өзі оқып жатқан сыныптан/мектептен қатысады (қатысушы өз сыныбына сай болмаса, басқа мектепте оқитыны туралы фактілер анықталған кезде команда дисквалификацияланады және Лига қорытындылары бойынша жалпы есепте командаға автоматты түрде соңғы орын беріледі).

Жарысқа қатысушылар ағымдағы оқу жылының 15 қыркүйегіне дейін Күнделік және Ұлттық білім беру деректер қоры жүйесінде тіркелуі тиіс.

Ағымдағы оқу жылының 15 қыркүйектен бастап тіркелген қатысушылар жарыстарға жіберілмейді, мұндай фактілер анықталған жағдайда қатысушы мен

команда дисквалификацияланады және осы түрі бойынша командаға автоматты түрде соңғы орын беріледі.

Лиганың әр кезеңінде спортшылар, жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқушылар және спорт төрешілері дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №228-в, 35-2 тармағына сәйкес спорттық әдептілікті сақтау қажет, мұндай фактілер анықталған жағдайда хаттама толтырылып қатысушы мен команда 1 жылға дисквалификацияланады және осы спорт түрі бойынша командаға автоматты түрде 20+3 ұпай беріледі.

2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы 38-бап. *Спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қағидалары 13,14,15 тараулары.*

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 385-бабы «Жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу» .

5 тарау. Лиганың қатысушылары мен шарттары

12. Жарысқа мемлекеттік және жеке білім беру ұйымдарының білім алушылары қатыса алады. Арнайы қыз және ұл балларға арналған мектептер (*волейбол, баскетбол, футбол, футзал, гандбол, жеңіл атлетика, асық ату және бес асық*) спорт түрлеріне қатысады. Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің білім алушылары ұлттық лигада осы Ереженің талаптарын сақтаған жағдайда өздері оқитын жалпы білім беретін мектептердің атынан өкілдік етуге құқылы.

Лигаға қатысуға спорттық ойын түрлерінен олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі, мамандандырылған спорттық сыныптар, спорт интернаттары мен академиялардың командалары жіберілмейді. Ұлттық лигаға қатысатын ойыншылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 549 бұйрығының 26-тармағының негізінде осы жарысқа қатысу және дайындық кезінде жазатайым оқиғадан сақтандырылуы тиіс.

Сақтандыруға жауапты-білім басқармасының басшылары, дене тәрбиесі мұғалімдері. Жарыс кезінде спортшылардың денсаулығы мен жол қозғалысы қауіпсіздігі үшін жауапкершілік команда өкілдеріне, дене шынықтыру педагогтері мен жаттықтырушыларға жүктеледі.

13. 1 спортшы жас ерекшелігіне сай бірнеше спорт түріне қатысуға құқылы.

14. Жарысқа қатысатын жалпы білім беретін мектеп командасының өзіндік логотипі және бірыңғай спорттық нысаны болуы тиіс.

15. Спорттық жарыстар кезінде дене тәрбиесі педагогы, команда өкілі және өзге де адамдар жарыс кезінде алаңға шығарылмайды.

16. Лига жарыстарының кезеңдерін ұйымдастыруға және өткізуге жауаптылар мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- жарыстарды өткізу тәртібі мен қауіпсіздігі;
- қызмет көрсетуші персоналдың болуы (*медицина қызметкерлері, төрешілер, техникалық қызметкер*);
- жарыстарды өткізу кестесі;
- спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету керек.

17. Әрбір кезеңнің қорытындысы бойынша ұйымдастыру комитеті Жоғары тұрған құрылымдық бөлімшелерге жарыстарды өткізу туралы есеп (*фотосуреттер, бейнематериалдар, ойын хаттамасы және жарыс кестесі*) жібереді.

6 тарау. Лиганың финалдық кезеңіне қатысуға өтінім

18. Финалдық кезеңге қатысатын командалар спорт түрлерінен жарыстың басталуына бір ай қалғанда npccfk.sport@mail.ru электрондық поштасына 3*4 фотосуреті бар жеке спортшы картасын ұсынуы қажет. Егер команда белгіленген мерзімде құжатты бермесе, **ОНДА КОМАНДА ФИНАЛДЫҚ КЕЗЕҢІНІҢ ЖАРЫСЫНА ҚАТЫСУҒА РҰҚСАТ БЕРМЕЙДІ.**

19. Мандаттық комиссияға мынадай құжаттар ұсынылады:

- спортшының туу туралы куәлігі, жеке куәлігі немесе паспорты түпнұсқа (*көшірме міндетті түрде*);
- стандартты үлгідегі облыстық білім басқармасы басшысымен бекітілген өтінім (*дәрігердің қолы және мөрі әр спортшының қасында міндетті түрде*) (*2 көшірме болуы керек*);
- спортшының жеке карточкасы ;
- білім беру ұйымының оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне жауапкершілік туралы бұйрығы.

Осы жоғарыда аталған құжаттары толық емес командалар жарысқа жіберілмейді!

7 тарау. Тәртіптік жазалар және наразылық беру

20. Спортшылар және команда жарыстан келесідей жағдайларда шеттетіледі: Жарыстың бедел-бейнесіне нұқсан келтіру, төрешілермен, ұйымдастырушылармен жанжалдасу, ұйымдастыру алқасы мүшелеріне, төрешілерге және көпшілікке қатысты әдепсіз және өрескел мінез құлық көрсету. Спортшылар немесе команда жетекшілері қарсылас команда ойыншыларына және жарысқа қатысушы басқа да ойыншыларға дөрекілік көрсетуге, тіл тигізу, адамның ар намысы мен қадір қасиетіне нұқсан келтіру, төбелесу және алкогольді ішімдік ішу, төреші шығарған шешіміне өрескел қарсылық білдіруге тыйым салынады, төмендегі бұзушылық орын алған жағдайда:

- 1) Жасалған іс-әрекетке қатысқан ойыншыны немесе ойыншыларды жарыстан шеттету;
- 2) Жасалған іс-әрекетке қатысты команда жетекшілерін, жаттықтырушыларын жарыстан шеттету;
- 3) Командалық жарыстан шеттету;
- 4) Команданы немесе команда ойыншысын белгілі мерзімге дейін жарыстан шеттету;

- 5) Жетекшінің немесе ойыншылардың әдепсіз іс-әрекеттері туралы командалардың білім беру ұйымдарына жазбаша хабарлама беру;
- 6) Құқық бұзған спортшыны немесе команданы 1 жылға шеттету және командаға 20+3 ұпайын беру.

Ойын аяқталғаннан кейін командалардан наразылық тек дәлелді түрде 1 сағат ішінде жазбаша түрде тек команда жетекшісі беруге құқылы және наразылық келесі ойынға дейін қарастырылып жазбаша түрде шешімі қабылданады, ол Лига ұйымдастырушыларымен және спорт түрі бойынша бас төрешімен қарастырылады. Ешқандайда дәлелсіз келтірілген наразылықтар қабылданбайды.

Әр команда жарыс барысында төрешілермен бекітілген кесте бойынша ойын басталардан 15 минут бұрын келіп тұруы тиіс, кестедегі көрсетілген уақыттан кешіккен команда жарысқа жіберілмейді (15 минуттан аспауы тиіс). Жарыс кезінде команда кестеге сәйкес жарысқа толық қатыспаған жағдайда оларға ұпай берілмейді. Команда ойыншылары тәртіп бұзып, ойынды болдырмауға әкеліп соқтырса, тәртіп бұзған командаға ойын ережесіне сәйкес жеңіліс, тиісінше қарсылас командаға жеңіс беріледі.

Шағымдар тек топтық ойын кезінде жазылады, топтық ойындар аяқталғаннан кейін қабылданбайды (*топтық ойын кезінде командалар сол топқа ғана жаза алады!*)

Ескерту!!! *Ұйымдастыру комитеті мандаттық комиссия аяқталғаннан кейін спортшыны, команданы немесе команда өкілін сұрақтар туындаған жағдайда толықтай тексеруге құқылы (құжаттарды көрсету міндетті).*

8 тарау. Лиганың қатысушыларын марапаттау

21. Лиганың әр жас тобындағы жеңімпаз Команда мен жүлдегерлер жарыстың төртінші кезеңінің қорытындысы бойынша анықталады.

22. Төртінші кезеңнің финалдық жарыстарында 1,2,3 орын алған командалар ҰҒПДТО тиісті дәрежелері бойынша кубоктармен, грамоталармен марапатталады. Төртінші кезеңнің финалдық жарыстарында 1,2,3 орын алған спортшылар ҰҒПДТО тиісті дәрежелері бойынша медальдармен, дипломдармен марапатталады.

23. Лиганың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындаған жаттықтырушылар жыл соңында тиісті алғыс хаттармен марапатталады.

24. Лигада өткізілген 10 спорт түрінің қорытындысы бойынша жалпы командалық орындар үш жас тобында 1-ден 3-ке дейін бөлек анықталады және 1,2,3 орын алған командалар жыл соңында тиісті кубоктармен грамоталармен марапатталады.

3 Бөлім. Лиганы қаржыландыру

9 тарау. Лиганы қаржыландыру

25. Лиганың бірінші, екінші және үшінші кезеңдерінің шығыстарын аудандық, қалалық, облыстық ұйымдастыру комитеттері көтереді.

26. Спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілердің және команда өкілінің шығыстары (қонақ үй, тамақтану, тәуліктік жол жүру, бару-қайту жолы) іссапар ұйымына жүктеледі.

27. ҰҒПДТО-на төртінші кезеңнің шығыстары жүктеледі:

- төрешілер алқасының, медициналық және қызмет көрсету персоналының жұмысына ақы төлеу;
- медальдар, кубоктар, дипломдар, баннер жасау және т. б.;
- спорт ғимаратын жалға алу.

4 Бөлім. Спорт түрлері бойынша федерациялар

Жарыстар спорт түрлері бойынша халықаралық ережелерге сәйкес өткізіледі.

«Ұлттық баскетбол федерациясы» РКБ

1. Баскетбол «Алтын доп»

Федерация бас төреші, бас хатшыға және төрешілер алқасының бригадасына кандидатуралар ұсынады.

№	Сыныбы	Қатысушы саны	Жаттықтырушы	Төреші	Өкіл	Команда құрамы
1.	5-6 сыныптар (ұ., қ.)	12+12	2	2	2	30
2.	7-8 сыныптар (ұ., қ.)	12+12	2	2	2	30
3.	9-11 сыныптар (ұ., қ.)	12+12	2	2	2	30

Жарыс жүйесі командалар санына байланысты. Егер 6 командаға дейін болса, қатысушылар шеңберлік жүйеде ойнайды, 7-ден 8 дейін командалар екі топшаға, 9-дан 11-ке дейін үш топшаға, 12-тен 20-ға дейін командалар жеребе тастау бойынша төрт топшаға бөлінеді. Топтық ойындардың I-II орын жеңімпаздары жартылай финалға жолданады.

Төрешілік ФИБА баскетболының ресми ережелерінің регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Команданың қосалқы ойыншыларының орындықтарында тек ойынға жіберілген топ мүшелері ғана болуға құқылы.

Ойынға шықпаған командаға 0:20 жеңілісі қойылады. 2 ойынға қатыспайтын командалар шеттетіледі.

Команда құрамы 8 адамнан кем болса жарысқа жіберілмейді.

«Қазақстан Волейбол федерациясы» ҚБ

2. Волейбол «Шұбар доп»

Федерация бас төреші, бас хатшыға және төрешілер алқасының бригадасына кандидатуралар ұсынады.

№	Сыныбы	Қатысушылар саны	Жаттықтырушылар	Төреші	Өкіл	Команда құрамы
1.	5-6 сынып (ұ., қ.)	12+12	2	2	2	30
2.	7-8 сынып (ұ., қ.)	12+12	2	2	2	30
3.	9-11 сынып (ұ., қ.)	12+12	2	2	2	30

Волейбол бойынша жарыстар осы жас топтарына сәйкес келетін волейболдың халықаралық ережелері бойынша өткізіледі.

Барлық ойындар Халықаралық волейбол ережелеріне сәйкес өткізіледі. Әр ұтқан партияға ұпай беріледі. Жеңіс үшін ұпай саны 2:0 – 3 ұпай, 2:1 – 2 ұпай, 1:2 - 1 ұпай, 0:2 – 0 ұпай.

Ойын 3 партиядан тұрады 2 партиядан 25 ұпайға дейін, 1:1, 3 партиядан 15 ұпайға дейін.

Жарыс жүйесі командалар санына байланысты. Егер 6 командаға дейін болса, қатысушылар шеңберлік жүйеде ойнайды, 7-ден 8 дейін командалар екі топшаға, 9-дан 11-ке дейін үш топшаға, 12-тен 20-ға дейін командалар жеребе тастау бойынша төрт топшаға бөлінеді. Топтық ойындардың I-II орын жеңімпаздары жартылай финалға жолданады.

Команданың қосалқы ойыншыларының орындықтарында тек ойынға жіберілген топ мүшелері ғана болуға құқылы. Әр командада кем дегенде екі форма жиынтығы болуы керек – ережелер талаптарына сәйкес жасалған түрлі түстер. **Ойыншының нөмірі кеудеде болуы керек.**

Команда құрамы 8 адамнан кем болса жарысқа жіберілмейді.

«Гандбол федерациясы» РҚБ

3. Гандбол «Ұшқыр доп»

Федерация бас төреші, бас хатшыға және төрешілер алқасының бригадасына кандидатуралар ұсынады.

№	Сыныбы	Қатысушылар саны	Жаттықтырушылар	Төреші	Өкіл	Команда құрамы
1.	5-6 сынып (ұ., қ.)	12+12	2	2	2	30
2.	7-8 сынып (ұ., қ.)	12+12	2	2	2	30
3.	9-11 сынып (ұ., қ.)	12+12	2	2	2	30

Ойын 9-11 сыныптар үшін 30 минуттан 2 тайм, 5-6, 7-8 сыныптар үшін 25 минут, 10 минуттық үзіліс және 1 минуттан 2 тайм.

Төрешілік МФГ-ның 2018 жылғы 01 шілдедегі ресми қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады

Жарыс жүйесі командалар санына байланысты. Егер 6 командаға дейін болса, қатысушылар шеңберлік жүйеде ойнайды, 7-ден 8 дейін командалар екі топшаға, 9-дан 11-ке дейін үш топшаға, 12-тен 20-ға дейін командалар жеребе тастау бойынша төрт топшаға бөлінеді. Топтық ойындардың I-II орын жеңімпаздары жартылай финалға жолданады.

Уақытты тоқтату міндетті болып табылады:

- a) 2 минуттық алып тастау немесе дисквалификациялау;
- b) командалық Тайм-аутты ұсыну (1 минут);
- c) секундометристің немесе матчтың техникалық делегатының (бас төрешінің) ысқырығы;
- d) судьялар 2018 жылғы 01 шілдедегі МФГ-ның ресми ережелеріне сәйкес туындаған жағдайды талқылау кезінде.

Әр команда ойынның негізгі уақытының әр таймында бір-бірден 1 минуттық командалық уақытты алуға құқылы (қосымша уақытты қоспағанда).

Команда құрамы 8 адамнан кем болса жарысқа жіберілмейді.

«Қазақстан футбол федерациясы» РҚБ

4. Футбол «Былғары доп»

Федерация бас төреші, бас хатшыға және төрешілер алқасының бригадасына кандидатуралар ұсынады.

№	Сыныбы	Қатысушылар саны	Жаттық тырушылар	Төреші	Өкіл	Команда құрамы
1.	5-6 сынып (ұ., қ.)	15+15	2	2	2	36
2.	7-8 сынып (ұ., қ.)	15+15	2	2	2	36
3..	9-11 сынып (ұ., қ.)	18+18	2	2	2	42

Барлық ойындар FIFA халықаралық футбол ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Жарыс жүйесі командалар санына байланысты. Егер 6 командаға дейін болса, қатысушылар шеңберлік жүйеде ойнайды, 7-ден 8 дейін командалар екі топшаға, 9-дан 11-ке дейін үш топшаға, 12-тен 20-ға дейін командалар жеребе тастау бойынша төрт топшаға бөлінеді. Топтық ойындардың I-II орын жеңімпаздары жартылай финалға жолданады.

5-6 сынып оқушылары арасында 6x6 форматындағы барлық кезеңдердің матчтарын тікбұрышты пішіндегі футбол алаңдарында өткізу ұсынылады. Дала ұзындығы: 25-тен 40 метрге дейін, ені: 15-тен 25 метрге дейін.

7-8 сынып оқушылары арасында 8x8 форматындағы барлық кезеңдердің матчтарын тіктөртбұрыш нысанындағы футбол алаңдарында өткізу ұсынылады. Ұзындығы: 35-тен 45 метрге дейін. Ені: 25-тен 35 метрге дейін.

Лиганың барлық кезеңдерінің матчтары 9-11 сынып оқушылары арасында 11x11 форматында футбол алаңының жасанды немесе табиғи көгалында өткізіледі. Ұзындығы: 80-нен 110 метрге дейін. Ені: 40-тан 80 метрге дейін.

Футбол алаңының жасанды немесе табиғи көгалдарында және жабық алаңдарда ойын үшін №5 доп қолданылады.

Футбол ойынының ережелеріне сәйкес ойыншылар қалқандарда матчтар өткізуге міндетті.

Команданың ойын формасының түстері бірыңғай түс гаммасында сақталуы тиіс. Бір команданың ойыншылары түрлі түсті футболкалармен жабдықталған жағдайда, футболшыларға бір түсті ойын қалпақтары беріледі. Екі қарсылас

командада бірдей түсті ойын формасы болған жағдайда, төреші немесе Ұйымдастыру комитетінің өкілі Команда капитандарының қатысуымен жеребе арқылы қалпақ киетін команданы анықтайды.

Матчқа спорттық емес аяқ киімдегі, күртешелері бар бутстердегі ойыншылар қатыса алмайды.

Команда құрамы 8 адамнан кем болса жарысқа жіберілмейді.

5. Футзал «Теңбіл доп»

№	Сыныбы	Қатысушылар саны	Жаттық тырушылар	Төреші	Өкіл	Команда құрамы
1.	9-11 сынып (ұ., қ.)	12+12	2	2	2	30

Барлық ойындар FIFA халықаралық футбол ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Жарыс жүйесі командалар санына байланысты. Егер 6 командаға дейін болса, қатысушылар шеңберлік жүйеде ойнайды, 7-ден 8 дейін командалар екі топшаға, 9-дан 11-ке дейін үш топшаға, 12-тен 20-ға дейін командалар жеребе тастау бойынша төрт топшаға бөлінеді. Топтық ойындардың I-II орын жеңімпаздары жартылай финалға жолданады.

Футзал ойынының ережелеріне сәйкес ойыншылар қалқандарда матчтар өткізуге міндетті.

Кері ауыстыру шешіледі. Ойынға ең аз құрам-5 ойыншы, оның ішінде қақпашы. 5 адамнан кем алаңға шыққан жағдайда командаға 3:0 есебімен техникалық жеңіліс есептеледі.

Матч өткізуге арналған алаңның рұқсат етілген өлшемдері (ұзындығы:25-тен 40 м-ге дейін, ені:15-тен 25 м-ге дейін). Айып алаңы өрістің әр жартысының соңында келесідей көрсетілген. Шеңбердің төрттен бір бөлігі қақпа тіректерінің сыртқы жағынан қақпа сызығына дұрыс бұрышпен тартылған қиял сызығымен қиылысқанға дейін, сондай-ақ қақпа тіректерінің сыртқы жағынан жүзеге асырылады. Төртінші шеңбердің жоғарғы нүктелері тіректер арасындағы қақпа сызығына параллель өтетін ұзындық кесіндісімен қосылады

Команданың ойын формасының түстері бірыңғай түс гаммасында сақталуы тиіс. Бір команданың ойыншылары түрлі түсті футболкалармен жабдықталған жағдайда, футболшыларға бір түсті ойын қалпақтары беріледі. Екі қарсылас командада бірдей түсті ойын формасы болған жағдайда, төреші немесе Ұйымдастыру комитетінің өкілі Команда капитандарының қатысуымен жеребе арқылы қалпақ киетін команданы анықтайды.

Матчқа спорттық емес аяқ киімдегі, күртешелері бар бутстердегі ойыншылар қатыса алмайды.

Команда құрамы 8 адамнан кем болса жарысқа жіберілмейді.

6. Тоғызқұмалақ

«ҚР Тоғызқұмалақ спорты Федерациясы» ЗТБ-сі Бас төреші, Бас хатшы және төрешілер алқасы мүшелері кандидатураларын ұсынады.

№	Сыныбы	Қатысушылар саны	Жаттық тырушылар	Төрешілер	Өкіл	Команда құрамы
1.	5-6 сынып (ұ., қ.)	2+2	1	1	1	7
2.	7-8 сынып (ұ., қ.)	2+2	1	1	1	7
3.	9-11 сынып (ұ., қ.)	2+2	1	1	1	7

Тоғызқұмалақ бойынша барлық жарыстар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Дене шынықтыру және спорт істері комитеті бекіткен «Тоғызқұмалақ қағидасы мен ережесіне» сәйкес анықталады. Рапид жүйесі бойынша өткізіледі.

- Әр жаңа кезеңде командадағы ойыншыларды сол мектептің оқушылары алмастыра алады (ұлдар қыздардың орнына немесе қыздар ұлдардың орнына ойнауға тыйым салынады).

Финал швейцар жүйесі бойынша 7 немесе 9 турда өтеді (командалардың санына байланысты төрешілер алқасының отырысында анықталады). Әр спортшыға 20 минут, бір партияға – 40 минут уақыт беріледі. Топтық ойындардың I-II орын жеңімпаздары жартылай финалға жолданады.

Команданың әр жеңісі үшін 2 ұпай, тең ойын үшін 1 ұпай, жеңіліс үшін 0 ұпай беріледі. Екі немесе одан да көп командада бірдей ұпай болған жағдайда, жеңімпаздар келесі қосымша көрсеткіштер бойынша анықталады:

Командалық есепте:

1. Жинаған ұпай саны;
2. Командалар арасындағы жеке кездесу;
3. Ер балалардың 1-ші тақтасындағы жеке ойын нәтижелері бойынша;
4. Қыздардың 1-ші тақтасындағы жеке ойын нәтижелері бойынша;
5. Жеке ойын нәтижелері бойынша 2-ші тақтадағы ұлдар және т. б.;
6. Қосымша "Блиц ойыны";
7. Жеребе.

«Қазақстан Республикасының үстел теннисі федерациясы» ҚБ

7. Үстел теннисі

Ойындар Федерация бекіткен үстел теннисінің ережелеріне сәйкес өткізіледі.

№	Сыныбы	Қатысушылар саны	Жаттық тырушылар	Төреші	Өкіл	Команда құрамы
1.	5-6 сынып (ұ., қ.)	2+1	1	1	1	6
2.	7-8 сынып (ұ., қ.)	2+1	1	1	1	6

3.	9-11 сынып (ұ., қ.)	2+1	1	1	1	6
----	---------------------	-----	---	---	---	---

Ойындар Федерация бекіткен үстел теннисінің ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Лига тек жекелеген кездесулердің көпшілігінде бес партиялардың көпшілігіне (матчта үш жеңіске дейін) командалық жарыс ретінде өткізіледі:

Кездесу ережелері:

- 1) А – Х
- 2) В – Y
- 3) С – Z (қыздар арасындағы кездесу)
- 4) А – Y
- 5) В – Х

Жеке кездесулер бес партияның көпшілігі үшін (үш жеңіске дейін) өткізіледі.

Топтық ойындардың I-II орын жеңімпаздары жартылай финалға жолданады.

Команда құрама толық болмаса жарысқа жіберілмейді.

«Асық ату федерациясы» РҚБ

8. Асық ату, бес асық

Федерация бас төреші, бас хатшыға және төрешілер алқасының бригадасына кандидатуралар ұсынады.

№	Сыныбы	Қатысушылар саны	Жаттық тырушылар	Төреші	Өкіл	Команда құрамы
1.	5-6 сынып (ұ., қ.)	3+3	2	1	1	10
2.	7-8 сынып (ұ., қ.)	3+3	2	1	1	10
3.	9-11 сынып (ұ., қ.)	3+3	2	1	1	10

Асық ату, бес асық Қазақстан Республикасы федерациясының ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Асық ату (ұлдар)

Жарыста жеңімпазды анықтау 2 жеңіске дейін 3 кезеңнен тұрады. Команда құрамы 3 ойыншы. Әр кезең 15 минуттан тұрады. Тең ойын тіркелген жағдайда 2 минуттық қосымша ойын беріледі анықталмаса блиц тур форматта өткізіледі. Топтық ойындардың I орын жеңімпаздары жартылай финалға жолданады.

Жеңімпазды анықтау

- 1) жиналған ұпай саны бойынша
- 2) егер 2 команданың ұпай саны бірдей болса, онда жеке кездесу нәтижесі бойынша
- 3) егер 3 немесе одан да көп команданың ұпай саны бірдей болса, онда ең жақсы кезең айырмашылығы бойынша
- 4) егер кезеңдер айырмашылығы бірдей болса, онда бірінші сақа нәтижесімен анықталады

**Жеңімпазды анықтау мына кесте бойынша есепке
алынады**

3-0	2-1	1-2	0-3
3	2	1	0

Бес асық (қыздар)

Команда құрамында 3 ойыншы. Ойын жекелей Ойын 2 жеңіске дейін 3 кезеңнен тұрады, әр кезең 15 минуттан. Қажет болған жағдайда блиц форматының жеңімпазын анықтайтын екі минуттық қосымша уақыт. Топтық ойындардың I орын жеңімпаздары жартылай финалға жолданады.

Кездесу ұзақтығы 15 минут, спортшылар 12 қозғалысты орындайды, 13-ші қозғалыс ұпай жинағы.

5-6 сынып – 100 ұпай

7-8 сынып – 120 ұпай

9-11 сынып – 150 ұпай

А) *Топшалар бойынша жеңімпаздарды анықтау*

1) жиналған ұпай саны бойынша

2) егер 2 команданың ұпай саны бірдей болса, онда жеке кездесу нәтижесі бойынша

3) егер 3 немесе одан да көп команданың ұпай саны бірдей болса, матчтардағы ең жақсы айырмашылық бойынша жеңіске жетгі

4) бірінші сақаның нәтижесі бойынша

Б) *Жеңімпазды анықтау және келесі форматта есепке алу:*

5-0	4-1	3-2	0-5	1-4	2-3
2	2	2	0	0	0

«Жеңіл атлетика федерациясы» ҚБ

9. Жеңіл атлетика

Федерация бас төреші, бас хатшыға және төрешілер алқасының бригадасына кандидатуралар ұсынады.

№	Сыныбы	Қатысушылар саны	Жаттықтырушылар	Төреші	Өкіл	Команда құрамы
1.	5-6 сынып (ұ., қ.)	5+5	2	1	1	14
2.	7-8 сынып (ұ., қ.)	5+5	2	1	1	14
3.	9-11 сынып (ұ., қ.)	5+5	2	1	1	14

Жарыс командалық. Командалар бір мектептен құралған немесе ер балалар бөлек қыз балалар бөлек мектептен қатысуға болады.

Ұпай кестесі

Орын	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Ұпай	26	23	20	17	16	15	14	13	12	11	10	9	8	7	6	5	4	3	2	1

5–6 сыныптар жарыс бағдарламасы:

Ұлдар: 30 м жүгіру, 500 м жүгіру, ұзындыққа секіру (жүгіріп келіп), доп лақтыру (150 г)
 Қыздар: 30 м жүгіру, 500 м жүгіру, ұзындыққа секіру (жүгіріп келіп), доп лақтыру (150 г)
 Ұлдар мен қыздар: 4x100 м аралас эстафета

7–8 сыныптар жарыс бағдарламасы:

Ұлдар: 60 м жүгіру, 1000 м жүгіру, ұзындыққа секіру (жүгіріп келіп), доп лақтыру (150 г)
 Қыздар: 60 м жүгіру, 600 м жүгіру, ұзындыққа секіру (жүгіріп келіп), доп лақтыру (150 г)
 Ұлдар мен қыздар: 4x100 м аралас эстафета

9–11 сыныптар жарыс бағдарламасы:

Ұлдар: 100 м жүгіру, 1500 м жүгіру, ұзындыққа секіру (жүгіріп келіп), граната лақтыру (700 г.)
 Қыздар: 100 м жүгіру, 800 м жүгіру, ұзындыққа секіру (жүгіріп келіп), граната лақтыру (500 г.)
 Ұлдар мен қыздар: 4x100 м аралас эстафета

Ұлдар мен қыздардың есебі жеке анықталады. *(Жалпыкомандалық есеп ұлдардықы жеке қыздардықы жеке есептеледі).*

"Шахмат федерациясы" РҚБ

10. «Ақбозат» шахмат

Федерация бас төреші, бас хатшыға және төрешілер алқасының бригадасына кандидатуралар ұсынады.

№	Сыныбы	Қатысушы саны	Жаттық тырушы	Төреші	Өкіл	Команда құрамы
1.	5-6 сыныптар (ұ., қ.)	3+1	1	1	1	7
2.	7-8 сыныптар (ұ., қ.)	3+1	1	1	1	7
3.	9-11 сыныптар (ұ., қ.)	3+1	1	1	1	7

Шахмат бойынша жарыстар осы жас топтарына сәйкес келетін шахмат халықаралық ережелері бойынша өткізіледі.

- Әр жаңа кезеңде командадағы ойыншыларды сол мектептің оқушылары алмастыра алады (ұлдар қыздардың орнына немесе қыздар ұлдардың орнына ойнауға тыйым салынады).

Топтық ойындардың I-II орын жеңімпаздары жартылай финалға жолданады.

Барлық ойындар Халықаралық шахмат ережелеріне сәйкес өткізіледі. Әр командаға жеңіс үшін ұпай саны – 2 ұпай, тең ойын үшін – 1 ұпай, жеңіліс үшін – 0 ұпай беріледі.

Командалар саны 10-нан асса, онда Лига швейцарлық турнирдің ережесімен өтеді, егер командалар саны 10-нан кем болса, онда бұл турнир all play all ережесімен өткізіледі.

Турнирдің уақыт көрсеткіштері – 10 минут және 5 секунд әр жүріс сайын қосылады.

Команда құрама толық болмаса жарысқа жіберілмейді.

5 Бөлім. Үлгілері

Ұлттық мектеп лигаға қатысуға командалық өтінім

_____ (қала/аудан)

Спорт түрі: _____

№	Қатысушының аты-жөні	Туған жылы	ЖСН	Мектеп мекен-жайы	Мектеп секцияларына қатысу	БЖСМ, ОРМБЖМ-ға қатысу	Дәрігер рұқсаты

М.О.

Дене тәрбиесі мұғалімінің А.Ж.Т. _____ Тел: _____
(аты, жөні толық жазылу қажет)


Жіберілген қатысушылар саны: _____

Дәрігер: _____ (қолы)

Білім басқарма басшысы

(аймақтық дене тәрбиесі орталығының директоры) _____ (қолы)

« _____ » _____ 2026 жыл



**Ұлттық мектеп лигасына
қатысушының жеке карточкасы**

Спорт түрі _____

М.О. (мөр міндетті түрде)
(мөр фотосуреттің төменгі оң жақ бұрышына қойылады)

Аты-жөні: _____

Туған жылы: _____

Спорттық разряды _____

Оқу орны: _____

Білім беру ұйымының басшысы _____
(Аты-жөні, қолы, мөрі)

Облыстық, қалалық кезеңдерінің өткізілу кестесінің үлгісі

Облыс, қала атауы _____

Сыныбы _____

№	Спорт түрі	Ұлдар	Қыздар	Уақыты

Топтық ойындар кестесінің үлгісі
(волейбол, баскетбол, футбол, гандбол, футзал, шахмат, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, асық ату және бес асық спорт түрлері бойынша)

2 топша (подгруппа)

Топтық ойындар айналмалы жүйеде өтеді.

<u>А тобы</u>	<u>В тобы</u>
1 команда	1 команда
2 команда	2 команда
3 команда	3 команда
4 команда	4 команда

Жартылай финалдық ойындар

1 ойын: А1-В2

2 ойын: В1-А2

Финалдық ойындар

3-4 орындар үшін

(жартылай финалдық ойындарда жеңілген командалар арасында)

1-2 орындар үшін

(жартылай финалдық ойындардағы жеңген командалар арасында)

3 топша (подгруппа)

Топтық ойындар айналмалы жүйеде өтеді.

<u>А тобы</u>	<u>В тобы</u>	<u>С тобы</u>
1 команда	1 команда	1 команда
2 команда	2 команда	2 команда
3 команда	3 команда	3 команда
4 команда	4 команда	4 команда

Жартылай финалдық ойындар

1 ойын: А1-С2

2 ойын: С1-В2

3 ойын: В1-А2

Финалдық ойындар

(3 команда арасында айналмалы жүйеде өткізіледі)

4-6 орындар үшін

(жартылай финалдық ойындарда жеңілген командалар арасында айналмалы)

жүйеде өткізіледі)

1-3 орындар үшін

(жартылай финалдық ойындардағы жеңген командалар арасында айналмалы жүйеде өткізіледі)

4 топша (подгруппа)

Топтық ойындар айналмалы жүйеде өтеді.

<u>A тобы</u>	<u>B тобы</u>	<u>C тобы</u>	<u>D тобы</u>
1 команда	1 команда	1 команда	1 команда
2 команда	2 команда	2 команда	2 команда
3 команда	3 команда	3 команда	3 команда
4 команда	4 команда	4 команда	4 команда

¼ ойын

1 ойын: A1- D2

2 ойын: D1-A2

3 ойын: B1- C2

4 ойын: C1- B2

½ Жартылай финалдық ойын

5-8 орындар үшін

1 ойын: ¼ ойындарда 1 және 4 ойындарда жеңілген командалар арасында

2 ойын: ¼ ойындарда 2 және 3 ойындарда жеңілген командалар арасында

1-4 орындар үшін

3 ойын: ¼ ойындарда 1 және 4 ойындарда жеңген командалар арасында

4 ойын: ¼ ойындарда 2 және 3 ойындарда жеңген командалар арасында

Финалдық ойындар

3-4 орындар үшін

1 ойын: ½ ойындарда ұтылған командалар арасында

1-2 орындар үшін

2 ойын: ½ ойындарда жеңген командалар арасында